

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

КОММУНИКАТИВТІ ЖҮЙЕДЕГІ ИНФОГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН МАЗМҰНЫН ЗЕРТТЕУ

Изтелеуова Айнагуль Гарифуллаевна

moon-3@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 6М042100 Дизайн мамандығының

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.А.Джумабаев

Инфографикалық дизайнның ерекшелігін анықтау үшін оның графикалық, ақпараттық, коммуникативтік дизайнның жүйесіндегі орнын олардың шешетін мәселелерін ескере отырып қарастыру қажет. Дизайнның негізгі терминдері бірнеше еңбектерде түсіндіріліп жазылған [1,2], назарымызды олардың негізгі түсініктеріне аударған жөн.

«Инфографика» және «инфографикалық дизайн» терминдерін екі бөлек қарастыру керек, себебі аталмыш терминдер бірдей емес. Алғаш қарағанда «ақпараттық графика» және «инфографикалық дизайн» терминінің арасында айырмашылық жоқ сияқты, бірақ айырмашылық бар және айтарлықтай принципіалды болып табылады.

Егер ақпараттық графика жұмыстың нәтижесі болатын болса, ал инфографикалық дизайн көзге көрінетін жұмыстың нәтижесі де (визуалды және вербалды графикалық мәтін), оның орындалу үрдісі де болып келеді. Ақпараттық дизайн мен графикалық дизайнның тоғысынан алып қарастыратын болсақ, инфографикалық дизайнды коммуникативті дизайнның дербес саласы ретінде қарастырған жөн.

Инфографикалық дизайн деп біз инфографиканың ақпараттық және графикалық дизайнның принциптер, құралдар, саймандар синтезіндегі жобалық-көркемдік моделдеуін айтамыз. 1 суретте коммуникативті дизайн жүйесіндегі инфографикалық дизайнның орны көрсетілген.

Арнайы еңбектерде жеке теоретикалық және практикалық анықтамалары бар инфографикалық дизайнның көптеген бағыттары мен салаларын ескере отырып, оның коммуникативтік дизайн жүйесіндегі орнын анықтайтын болсақ, коммуникативті дизайнның жүйесінде графикалық және ақпараттық дизайн теоретикалық және тәжірибелік баспаларда дифференциалданады. Біріншісі ақпараттың визуалды-графикалық қабатымен, ал екіншісі ақпараттың мазмұнының құрылымы мен негізінің және оның барабар визуализациясымен байланысты. Жобалық мәселе коммуникативті дизайнның екі бағытында да көрініс табады, ол өз тарапынан инфографикалық дизайнның сипаттамасында ескеріледі.



1 сурет. Коммуникативті дизайн жүйесіндегі инфографикалық дизайнның орны

Коммуникативті дизайнның негізгі бағыттары мен салаларының жалпы топтарына тоқталатын болсақ, коммуникативті дизайнның негізгі 3 бағыты бар:

1. Графикалық дизайн – коммуникативті дизайнның бағыты, үйлесімді және тиімді визуалды-коммуникативті ортаны қалыптастырудағы көркем-жобалықтың қызметі. Ол негізгі 4 саладан тұрады.


- Шрифттік дизайн және коллиграфия – ол жиынтықты және жеке болады, оның құрамына кітаптық, газеттік-журналдық, және өндірістік графикадағы, визуалды коммуникациялардағы, қалалық ортадағы және табиғат ландшафтындағы графикаларды қосып алғанда шрифттік композицияларды жасаудағы тәсілдер мен амалдар кіреді.
- Айдентика (фирмалық стиль) мен таңбалар дизайны –бұл визуалды коммуникацияларды құрастыру принциптері мен графикалық формалардың жиынтығы, негізгі мақсаты танымал бейне жасау және өнімді, компанияны немесе қызмет орнын таңбанын көмегімен оңай ажыратуға көмектесетін графикалық дизайн саласы.
- Жарнамалық және плакат графикасы – мағыналық бөлікті жеткізуден туындының эмоционалды бөлігі маңызды рөл атқаратын графикалық дизайнның бір саласы.
- Моушн-дизайн – анимацияланған немесе видео-элементтерді пайдаланатын графикалық дизайн түрі. Моушн-дизайн классикалық анимация түріне жатпайды,
- алайда анимацияның басқада объектілерін (фото, видео, коллаж және т.б.) компонент ретінде пайдалана алады.

2. Ақпараттық дизайн – коммуникативті дизайнның бір бағыты, тұтынушының ақпаратты жылдам әрі жеңіл қабылдауына арналған ақпаратты даярлаудың теориясы мен тәжірибесі, ақпараттың қарапайым визуализациямен салыстырғанда информөнімді жасауда дизайнерлік көзқарасты меңзейді.

- Веб-дизайн және интерфейс дизайны – интернеттің ақпараттық ортасының объектілерін жасап шығару мен безендіруге бағытталған, оларға жоғары тұтынушылық қасиет пен эстетикалық сапа жасайтын ақпараттық дизайн салалары болып табылады. Мұндай түсіндірме веб-дизайнды веб-бағдарламалаудан алшақтатады, веб-дизайнердің пәндік қызметінің спецификасын айқындайды, веб-дизайнды графикалық дизайнның түрі ретінде бөліп шығарады [3].
- БАҚ дизайны және басылымдарды макеттендіру – ақпараттық дизайнның саласы, оның құрамына мәтінді теру, беттеу, көрнекілеу, қосымша графикалық элементтерді қолдану арылы көркемдік дайындау болып табылады.

Ақпараттық дизайнның бөлек бағыт ретінде ресімделуінің басы XX ғасырдың 70 жылдарымен мерзімдеуге болады, ол кезде лондондық Pentagram дизайн агенттігі ақпараттық дизайн терминін графикалық дизайнның жаңа бағыты ретінде дифференциациялау мен номинациялау үшін алғаш рет пайдаланды. Ол көзге көрінетін тартымдық пен көркемдік мәнерлілігіне, ақпараттың тиімді берілуіне бағытталған еді. Термин 1979 жылы «Information Design Journal» журналының шығуымен қабылданды, бұл оқиға информациялық дизайнның бөлектеніп жеке дизайнның саласы болып шығуына әрі жоғарғы оқу орындарында жана пән ретінде ендірілуіне жол ашты.

Инфодизайнды қолданушы түрлі сала өкілдері оны түрліше атайды: газеттер мен журналдарда ол ақпараттық графика, бизнесте – презентациялық графика немесе бизнес-графика, ғылымда – ғылыми визуализация, компьютерлік инженерияда – интерфейс дизайны, архитектурада маңдайшалар мен навигация, графикалық дизайнда жай ғана дизайн болып табылады. Атаулардың барлығы әртүрлі болғанымен, қарастыратын мәселелері сәйкес келеді, сондықтан Боб Хорн оларды жалпы біріктіруші «ақпараттық дизайн» атаудың болу қажеттілігін және оның ерекшелігін 2 суретте көрсетеді.




2 сурет. Ақпараттық дизайн түсінігі

Б. Хорн ақпараттық дизайнды адамдар тиімді және нәтижелі пайдаланатын, өнер және ақпаратты дайындау ғылымы ретінде түсінеді. Ол инфодизайнның негізгі үш мақсатын бөліп көрсетеді: 1) ойды тез әрекетке айналдыратын, жылдам әрі дәл есептейтін, құжаттарды түсінікті болатындай етіп дайындау; 2) адамның жабдықпен байланысын қамтамасыз ету, дәлірірек интерфейспен жұмыс жасау; 3) адамдарға кеңістікте оңай жол табу мүмкіндігін беру, мысалға – виртуалды және қалалық [4]. Джейсон Ланков «Infographics: The Power of Visual Storytelling» атты еңбегінде ақпараттық дизайнды визуалды форматта көрсету тәжірибесі, сонымен бірге бұл істің теориясы мен тәжірибесі ретінде анықтайды [5].

Сонымен, ақпараттық дизайн деп кеңістіктік-графикалық талдау мазмұны, графика жасау үрдісі деп түсінеміз, оның құрамына қысқарту, кеңістікке қатысты ақпаратты орналастыру, мәтінге тақырып қойып блоктарға бөлу, және тағы да басқа дизайнердің, техникалық редактордың, аралық мамандардың іс-жүргізу қызметі болып табылады.

3. Инфографикалық дизайн – коммуникативті дизайнның бағыты, ол коммуникативті дизайн жүйесінде оқшауланған орын алады, төменде көрсетілген сабақтас бағыттары және салаларымен қиылысады және тығыз байланысады, сондықтан дизайн бағыттарының бір, бірнеше немесе барлық құралдарын бір уақытта пайдалана алады.

«Ақпараттық дизайн» және «инфографикалық дизайн» түсініктерінің арақатынасын анықтап дифференциялайтын болсақ, бір қарағанда ұқсас терминдердің мағыналық мазмұны әртүрлі. «Инфографикалық дизайн» бұл ақпараттық графика, ал «ақпараттық дизайн» кең саланы білдіреді, оның құрамына инфографикамен жұмыс қана кіріп қоймай, барлық ақпарат пен оның құрылымын айтуға болады. Осылайша инфографикалық дизайн ақпараттық дизайнның қолданылу саласының бірі болып қана қоймай, сонымен бірге коммуникативті дизайнның жеке бағыты ретінде де белгілі. 3 суретте ақпараттық дизайнның қолданылу аясы көрсетілген.



3 сурет Ақпараттық дизайнның қолданылу аясы

Инфографикалық дизайнның теориясы оның пәні мен өнімінің тәртібін және қорытындыларын, инфографиканың түрлері мен үлгілерін, дизайнерлік және дизайнерлік емес инфографиканың ерекшелігін, принциптерін, құралдарын, дизайнерлік инфографиканы жобалаудың әдістері мен тәсілдерін, стилі мен стильдік бағыттарын қалыптастырады.

Егерде дизайнның объектісі ретінде өнеркәсіптік зат жобасы болатын болса, онда инфографикалық дизайнның объектісі деп ұсынылып отырған ақпараттың визуалды формасының жобалануы деп есептеуге болады. Дизайнда дизайн объектісінің негізгі бес категориясы белгілі, оның құрамына бейне, функция, морфология, технологиялық форма, эстетикалық мән жатады. Сондықтан бұл категориялардың барлығы инфографика дизайнын жасауда қолданылады.

Осы мақалада жүргізілген ізденіс жұмысының нәтижесін қорытындылай келе, инфографикалық дизайн коммуникативті жүйенің негізгі бір бағыты болып табылады. Инфографикалық дизайн деп біз инфографиканың ақпараттық және графикалық дизайнның принциптер, құралдар, саймандар синтезіндегі жобалық-көркемдік моделдеуін айтамыз. «ақпараттық дизайн» және «инфографикалық дизайн» терминдерін екі бөлек қарастырған жөн, себебі екеуінің атқаратын қызметі әр түрлі болып келеді. Инфографикалық дизайн көзге көрінетін жұмыстың нәтижесін, оның орындалу үрдісін қарастырады.

Қолданылған әдебиет

1. Лесняк В. И. Графический дизайн: основы профессии. – М.: Индекс-Маркет, 2011, 416 б.
2. Стефанов С. И. Реклама и полиграфия: опыт словаря. – М.: Гелла-Принт, 2004, 320 б.
3. Бородаев Д. В. Веб-сайт как объект графического дизайна: моногр. – Х.: СептимаЛТД, 2006, 288 б.
4. Jacobson R. E. Information Design. – London: MIT Press, 1999, 356 p.
5. Lankow J. Infographics: The Power of Visual Storytelling. – NY.: Wiley, 2012, 263 p.

УДК 747.012.3

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕКСТИЛЯ КАК ЭЛЕМЕНТ ДЕКОРА В ИНТЕРЬЕРЕ

Казбекова Дария Жумабековна

dariya.kazbekova@yandex.ru

Магистр ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Ордашев Талант Хамитович

ordashev.talant@yandex.ru

к.т.н., и.о. доцента кафедры

«Дизайн и инженерная графика» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан.